# Пульмонологиядағы шұғыл көмек

# Тақырыбы:

Ларингоспазм. Бронхоспазм

**Ситуациялық есеп № 3**

**Жедел жәрдем бригадасын шақыру:**

Науқас И., 27 жаста. Кенеттен пайда болған ауа жетпеу және өлімнен қорқу сезімінің, тоқтаусыз ұстама тәрізді жөтел пайда болғанына шағымданады.

Оған қандай сұрақтар қояр едіңіз?

- Ауа жетпеу сезіміне және тоқтаусыз жөтелге не себеп болды?
- Мұндай жағдайдың пайда болу жиілігі қандай?

- Жұмыста тоңазытқышты жөндеп жатқанда кездейсоқ аммиакты иіскеп қалған, кейіннен кенеттен ауа жетпеу, тоқтаусыз ұстама тәрізді жөтел пайда болған

# Анамнезінде неге көңіл бөлесіз?

- Ауа жетпеу сезімі пайда болғаннан бері қанша уақыт өтті?
- Тыныс алу жүйесінің қосымша ауруларымен ауырады ма?
- Аллергиялық реакциялар?

# АНАМНЕЗІ

- Ауа жетпеу сезімі 5-7 минут бұрын пайда болған.
- Тыныс алу жүйесінің қосымша аурулары болған емес.
-  Аллергиялық реакциялары жоқ.

.

**Объективті қараған кезде қандай мәлімет алуыңыз мүмкін?**

# Объективті статус

- Қозғыш. Жағдайы ауыр.  Стридорлы тыныс. Үрлемелі жөтел.
- Инспираторлы ентігу. Иық шұңқырлары тартылған. Дауысы қарлыққан.
- Тері жабындысы бозғылт, цианозды, айқын гипергидроз.
- Жүрек тондары тұйықталған, ЖСЖ 140 рет/мин, АҚ 150/90 мм рт.ст.

.

Науқаста қандай синдромдарды байқадыңыз?

# ______Жедел тыныс жетіспеушілік синдромы:

- Стридорлы тыныс. Грубый лающий кашель. Стридорлы тыныс. Үрлемелі жөтел. Инспираторлы ентігу. Иық шұңқырлары тартылған. Дауысы қарлыққан.
- Тері жабындысы бозғылт, цианозды, айқын гипергидроз
- Тондарының тұйықталуы, тахикардия, гипертония

# Сіздің диагнозыңыз?

DS: Ларингоспазм

# Госпитализацияға дейінгі этапта жедел терапия?

- **Науқасты ыңғайлы жартылай отырғызу. (аяқтарын төмен түсіру)**
- **Жылы бумен ингаляция, t° 28-32 С. 3сағ. сайын қайталайды.**
- **Седативті препараттар: седуксен 0,3-0,5 мг/кг б/е немесе к/т немесенатрий оксибутираты 10-50мг/кг.**
- **Преднизолон 30 мг.к/т**
- **Тыныс және жүрек жетіспеушілігі өршісе - трахеотомия**

# Сіздің арықарайғы іс-әрекетіңіз?

- Реанимация бөліміне госпитализациялау.
- Отырғызып немесе бас жағын көтеріп тасымалдау.